



ASIAN DEVELOPMENT BANK

Қазақстан: Ирригациялық жүйелерді қалпына келтіру жөніндегі салалық жоба

Жобаның атауы	Ирригациялық жүйелерді қалпына келтіру жөніндегі салалық жоба
Жоба нөмірі	50387-002
Ел	Қазақстан
Жоба мәртебесі	Белсенді
Жоба типі / көмек көрсету құралы	Техникалық жәрдемдесу
Қаржыландыру көзі / сома	ТЖ 9317-KAZ: Ирригациялық жүйелерді қалпына келтіру жөніндегі салалық жоба Техникалық жәрдемдесудің арнайы қоры 1,10 млн АҚШ долл. ТЖ 9317-KAZ: Ирригациялық жүйелерді қалпына келтіру жөніндегі салалық жоба (қосымша) Техникалық жәрдемдесудің арнайы қоры 400 000, 00 АҚШ долл.
Стратегиялық мәселелер	Экологиялық орнықты өсу Тұтастай қамтитын экономикалық өсу
Өзгерістерді қозғаушы факторлар	Басқару мен әлеуетті дамыту Білім саласындағы шешімдер
Сектор / кіші сектор	Ауыл шаруашылығы, табиғи ресурстар және ауылдық аумақтарды дамыту – ирригациялық жүйелер
Гендерлік теңдік және гендерлік	Гендерлік теңдікке жетудің тиімді стратегиясы

теңдікке жету
стратегиясы

Сипаттамасы

Ұсынылып отырған жоба үкіметтің салалық қарыз құралын пайдаланумен жоспарланған ауданы 600,000 га аумақтағы ирригация кіші секторы бойынша инвестициялардың бөлігін қаржыландыру арқылы Қазақстандағы су ресурстарының одан әрі дамуына жәрдемдесуге бағытталған. Бұл инвестициялар ұсынылған агробизнесті дамытудың жаңартылған саясатында да көзделген. Жобаның ұсынылатын тікелей нәтижелері: (i) ирригация инфрақұрылымын жаңғыртуды; (ii) су ресурстарын басқару жүйелерін жетілдіруді және жобалық аумақтағы әлеуетті арттыруды; (iii) СШҰ-ның басқару әлеуетінің нығаюын қамтиды. Сумен жабдықтау және түрлі өңірлердегі ирригацияның әр түрін пайдалану талаптарын қанағаттандыратын ирригациялық жүйелерді әзірлеу өнімділігімен байланысты қосымша құрылымдық және құрылымдық емес шаралар жобаны дайындау барысында зерделенетін болады. АДБ қатысуының қосымша құндылығы анағұрлым кешенді тәсілдерді, соның ішінде сумен жабдықтау өнімділігін арттыру үшін техникалық орынды технологияларды пайдалануда болып табылады. Осы іс-шаралардың түпкі нәтижесі ирригациялық жүйелерді дұрыс басқару арқылы ауыл шаруашылығы өнімділігін арттыруға мүмкіндік беру. Жоба: «Қазақстан-2050» стратегиясында көзделгендей, ЖІӨ-ге ауыл шаруашылығы өндірісі үлесінің артуы нәтижесіне қол жеткізуге ықпал ететін болады.

Жобаның негіздемесі және елдік / өңірлік стратегиямен байланысы

Ұсынылып отырған жоба елдің 14 облысының бесеуінде (Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда және Жамбыл облыстары) 253 000 гектар жерді өз бетімен ағатын және сорғы жүйесі арқылы суаратын ескірген ирригациялық жүйелерді қалпына келтіру іс-шараларын қаржыландыру арқылы суармалы егіншілікті дамыту жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің күш-жігеріне ықпал етеді. Елдің ирригациялық және дренажды инфрақұрылымын қалпына келтіру суға қолжетімділікті ұлғайтады, ауыл шаруашылығы өндірісі мен экономиканың дамуын арттыру үшін де орасан зор маңызға ие. Жоба шеңберінде су беру инфрақұрылымын қалпына келтіру және оны кеңейту жүргізілетін болады. Әлеуетті нығайту бойынша іс-шаралар су ресурстарын басқару, пайдалану және техникалық қызмет көрсетуді (ПТҚК) институционалдық деңгейде жақсартуға және

шаруашылық деңгейінде суды пайдалану өнімділігін арттыруға көмектеседі. Суармалы ауыл шаруашылығымен айналысатын фермерлер басты бенефициарлар болады. Ирригация кіші секторын одан әрі дамыту Үкіметтің Қазақстан экономикасын әртараптандыру, ауылдық жерлерде жұмысқа орналастыру үшін мүмкіндіктерді арттыру, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және кедейлікті қысқарту бойынша жұмысының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Экономикалық дамудың күн тәртібін іске асыруда 2020 жылға қарай 600,000 га ирригациялық жүйелерді қалпына келтіру жоғары мақсаты қойылған болатын. 2015 жылы ІЖӨ-дегі ауылшаруашылық үлесі тек 4,9%-ды, ал оның жалпы жұмыспен қамтылған халыққа шаққандағы үлесі 17,1%-ды құрады. Сонымен қатар, ел халқының жартысы ауылдық жерлерде тұратындықтан, ондағы халықтың өмір сүруі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруден түскен кірістерге өте тәуелді. Әйелдер ауыл шаруашылығы секторындағы жұмыс күшінің 29% құрайды, бұл ретте ауылдық жерлердегі әйелдердің 64% ауыл шаруашылығына байланысты жұмыспен айналысатын өзін-өзі жұмыспен қамтығандар. Кеңес дәуірінде Қазақстанда ірі, орталықтандырылған тәртіппен жоспарланатын ирригациялық жүйелер салынды, оларды басқару және пайдаланумен облыстық органдар айналысты. 1992 жылы толықтай бақылау жүйесімен суарылатын жерлер 2,24 млн. гектарды құрады. 2010 жылы 1,2 миллион гектар жер ғана суарылды, бұл ирригациялық жүйенің біртіндеп нашарлағанын көрсетті. 2016 жылы қыркүйек пен қарашада Қазақстанға келген Азия даму банкі (АДБ) сарапшылары, ұжымдық шаруашылық заманынан бері қолданылмаған ирригациялық жүйелер 1991 жылы ел тәуелсіздік алғаннан кейін қирап қалғандығын айқындады. Ирригациялық жүйелерді басқаруға жауапты жергілікті органдардың тиімді жұмыс істеуі үшін мүмкіндіктері шектеулі, сондықтан да бірнеше ирригациялық жүйелер уақыт өте нашарлады. Ұлттық деңгейде ирригациялық жүйелер тиімділігін арттыру үшін қалалық сумен жабдықтау активтерін иелену мен операциялық міндеттемелерді, гравитациялық суды, ирригациялық және дренаждық жүйелерді жинақтау мақсатында қазіргі кезде олар әртүрлі республикалық және жергілікті органдардан «Қазсушар» РМК (ҚСШ) мемлекеттік кәсіпорнына берілуде. Қазақстандағы суармалы ауыл шаруашылығы секторында негізгі проблемалар мыналар: (i) негізінен барлық деңгейлерде суды жинақтау және реттеу бойынша

инфрақұрылымға жеткіліксіз инвестицияларға байланысты су ресурстарының тапшылығы, өзеннің жоғарғы ағысында орналасқан елдердің суды алуы салдарынан ұлттық сумен жабдықтаудың жартысын дерлік қамтамасыз ететін трансшекаралық өзендерге су ағыны азаюда және тасымалдау мен тарату кезіндегі су шығындары; (ii) шаруашылық деңгейінде су ресурстарын басқарудың ескірген ауыл шаруашылық тәжірибелері мен технологиялары; (iii) ЭТҚ шығындарын жеткілікті қамтамасыз етпейтін су берудің төменгі тарифтері; (iv) шектеулі әлеует пен нормативтік, реттеуші және институционалдық негіздемелердің жеткіліксіздігі; (v) осы саладағы білікті мамандардың тапшылығы. Басқа елдермен салыстырғандағы нәтижелер суармалы бидай өндіру үшін сумен жабдықтау көрсеткіштері дамыған елдердегіге қарағанда 70% төмен екенін көрсетті. Сонымен қатар, климаттың өзгеруіне байланысты стресс-факторлар сумен жабдықтау өнімділігін арттырудағы зәруліктің ушығуына алып келеді. «Проблема ағашында» негізгі проблемалар, олардың себептері және зардаптары сипатталған.

Ықпал

Жобаның түпкі нәтижесі

Түпкі нәтиженің сипаттамасы

Түпкі нәтижеге қол жеткізудегі ілгерілеу

Іске асырылу барысы

Жобаның тікелей нәтижелерінің сипаттамасы

Іске асырылу барысының жай-күйі (тікелей нәтижелер, іс-шаралар, проблемалық мәселелер)

Географиялық тұрған жері

Қоршаған орта және әлеуметтік сала мәселелеріне шолу

Қоршаған орта мәселелері

Мәжбүрі қоныс аудару

Байырғы халықтар

Мүдделі тараптарды ақпараттандыру, қатыстыру және олармен консультациялар

Жобаны әзірлеу кезінде

Жобаны іске асыру кезінде

Іскерлік мүмкіндіктер

Консультациялық көрсетілетін қызметтер

Кіші жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесінің техникалық аспектілерін дайындау үшін жергілікті жобалық ұйым тартылатын болады, бұл ретте іріктеу оңайлатылған техникалық ұсыныстарды пайдаланумен сапаға негізделе отырып жүргізіледі. Бұдан басқа, жобалық-конструкторлық ұйым орындайтын жоба талдауын дайындау, қаржылық басқару, сатып алулар және қорғау шараларын кешенді тексеру, жобалық ұйымның жұмысын қолдау мен сараптауды қоса алғанда, жобаны басқару бойынша функцияларды орындау үшін 4 халықаралық және 5 жергілікті жеке консультанттар тартылатын болады. Барлық консультанттар АДБ-ның Консультанттарды қатыстыруға арналған нұсқаулығына сәйкес қатыстырылатын болады (2013, соңғы редакцияда).

АДБ-ның жауапты қызметкері

Жу, Яожу

АДБ-ның жауапты департаменті

Орталық және Батыс Азия бойынша департамент

АДБ-ның жауапты бөлімі

Қоршаған орта, табиғи ресурстар және ауыл шаруашылығы басқармасы, Орталық және Батыс Азия бойынша департаменті

Орындаушы ұйымдар

«Қазсушар» РМК
Иманов көшесі 50, № 503 кабинет
010000, Астана қ., Қазақстан

Мерзімдер

Тұжырымдаманы мақұлдау

-

Деректерді жинау

-

Басшылықтың шолу жиналысы

-

Мақұлдау

2017 ж. 12 мамыр

Іске асыруды тексеру жөніндегі соңғы миссия

-

ТЖ 9317-KAZ**Негізгі кезеңдер**

Бекіту	Қол қою мерзімі	Күшіне ену мерзімі	Жабылу мерзімі		
			Бастапқы	Қайта қаралған	Нақты
2017 ж. 12 мамыр	2017 ж. 17 шілде	2017 ж. 17 шілде	2018 ж. 30 сәуір	-	-

Қаржыландыру жоспары / техникалық жәрдемдесуді пайдалану**Игерілген қаражаттың барлығы**

АДБ	Қоса қаржыландыру	Серіктестік қаржыландыру				Барлығы	Мерзімі	Сомасы
		Үкімет	Бенефициарлар	Жоба демеушісі	Басқалар			
1,500,000.00	0.00	100,000.00	0.00	0.00	0.00	1,600,000.00	2017 ж. 12 мамыр	66 407, 23

Жоба туралы анықтамалық ақпарат (ЖАА) жоба немесе бағдарлама жөніндегі жиынтық ақпаратты қамтиды: ЖАА аяқталмаған жұмыс болғандықтан кейбір ақпарат оның бастапқы нұсқасына енгізілмеуі мүмкін, бірақ олар қолжетімді болғаннан кейін қосылады. Ұсынылып отырған жобалар туралы ақпарат алдын ала және индикативтік болып табылады.

АДБ осы ЖАА-ғы қамтылған ақпаратты пайдаланушылар үшін кез келген кепілдіксіз нысанда, тек қана ресурс ретінде ұсынады. АДБ жоғары сапалы мазмұнды ұсыну қағидасын ұстанады, ақпаратты «сол қалпында», кез келген түрдегі кепілдіктерсіз береді, соның ішінде белгілі бір нәрсеге меңземейді немесе білдірмейді, шектеусіз, коммерциялық қолдануда кепілдіктерсіз, нақты мақсатқа жарамдылықсыз және авторлық құқықтарды ешқандай бұзбастан береді. АДБ кез келген осындай ақпараттың дұрыстығы мен толықтығы үшін арнайы кепілдіктерді бермейді немесе мәлімдемелер жасамайды.